

"Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және азаматтарды 1995 жылдың қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 қазандағы N 2474 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 11 қазан N 1317

"Жалпы әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және азаматтарды 1995 жылдың қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 1995 жылғы 2 қазандағы N 2474 Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жергілікті атқару органдары:

1995 жылдың қазан-желтоқсан айларында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін;

темір жол станцияларында, әуежайларда, әскерге шақырылушылардың жаңа легін жинау мен жөнелту орындарында күшейтілген кезекшілік белгілесін;

командаларды жинау мен қызмет атқару орындарына шығарып салуды ұйымдастыруда әскери комиссариаттарға және әскери бөлімдер өкілдеріне пәрменді көмек көрсетсін.

2. Әскери комиссариаттар әскер жасындағы азаматтарды әскери қызметке шақырудың барысы туралы жергілікті атқару органдарына уақтылы хабарлап тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі әскерге шақыру пункттерін медициналық жағынан қамтамасыз етуді, сондай-ақ әскери комиссариаттардың өтініші бойынша әскери қызметке шақырылғандарға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мерзімді әскери қызметтен запасқа шығарылған азаматтарды тасымалдауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісілген тариф бойынша тасымалдау үшін есеп айырысу жүргізсін.

5. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары "Жалпы әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын сақтау және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 қазандағы N 2474 Жарлығының талаптарын орындау бойынша әскери қызметке шақырылған жастар арасында профилактикалық

жұмысты жандандырсын.

6. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы және Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі Қорғаныс министрлігімен бірлесе отырып, азаматтарды әскери қызметке шақыруға дайындау мен өткізуді көрсетсін, Қарулы Күштерде қызмет атқаруды кеңінен ұғындырсын, азаматтардың конституциялық борышын орындау жөнінде түсіндіру насихат жұмысын жүргізсін.

7. Қазақстан Республикасы Жастар Одағының Орталық комитетіне, Қазақстан Республикасының Ардагерлер ұйымының орталық кеңесіне, Ауғанстан соғысы ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымына, сондай-ақ барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға әскерге шақырылатын және шақырылған жастарға патриоттық тәрбие беруде кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен оқу орындарына қолдау көрсету жұмысын жандандыру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі